

**«Kaspi Bank»
акционерлік қоғамының
(«Kaspi Bank» АҚ)**

**екінші облигациялық бағдарлама шегінде
саны 100 000 000 дана, сомасы 10 000 000 000
теңге болатын реттелген облигациялардың
үшінші шығарылым
ПРОСПЕКТІСІ**

Уәкілетті органның облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсынымдарды беруін білдірмейді. Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркейтін уәкілетті орган осы құжатта бар ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне ғана қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген бүкіл ақпараттың шынайы екенін және инвесторларды Эмитентке және оның облигацияларына қатысты адастырмайтынын растайды.

Облигациялардың осы шығарылымы «Kaspi Bank» акционерлік қоғамының екінші облигациялық бағдарлама шығарылымы проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

Екінші облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні – 28 маусым 2011 ж. (№ E05).

Оның аясында шығарылым жүзеге асырылатын екінші облигациялық бағдарламаның көлемі ақша түрінде 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңгені құрайды.

Екінші облигациялық бағдарламаның аясында облигациялар шығарылымының реттік нөмірі – үшінші.

Екінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер:

Екінші облигациялық бағдарлама шегінде реттелген облигациялардың бірінші шығарылымы (№ E05-1)

Уәкілетті органда шығарылымды мемлекеттік тіркеген күн	28 маусым 2011 ж.
Облигациялардың саны	100 000 000 (жүз миллион) дана
Шығарылымның жалпы көлемі	10 000 000 000 (он миллиард) теңге
Бір облигацияның номиналды құны	100 (жүз) теңге
Орналастырылған облигациялардың саны	58 440 000 (елу сегіз миллион төрт жүз қырық мың) дана
Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтары және облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі	<ul style="list-style-type: none">• номиналды құнды алу құқығы;• осы облигациялардың шығарылым проспектісінде белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;• облигацияларды еркін сату немесе басқа жолмен иеліктен шығару құқығы;• Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы.

Екінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың екінші шығарылымы (№ E05-2)

Уәкілетті органда шығарылымды мемлекеттік тіркеген күн	28 маусым 2011 ж.
Облигациялардың саны	100 000 000 (жүз миллион) дана

Шығарылымның жалпы көлемі	10 000 000 000 (он миллиард) теңге
Бір облигацияның номиналды құны	100 (жүз) теңге
Орналастырылған облигациялардың саны	39 000 000 (отыз тоғыз миллион) дана
Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтары және облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі	<ul style="list-style-type: none"> • номиналды құнды алу құқығы; • осы облигациялардың шығарылым пропектісінде белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы; • облигацияларды еркін сату немесе басқа жолмен иеліктен шығару құқығы; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы.

Екінші облигациялық бағдарлама шегінде үшінші шығарылымның құрылымы:

Облигация түрі	Атаулы купондық реттелген облигациялар
Саны	100 000 000 (жүз миллион) дана
Шығарылымның жалпы көлемі	10 000 000 000 (он миллиард) теңге
Бір облигацияның атаулы құны	100 (жүз) теңге
Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)	<p>Бекітілген, алғашқы үш жартыжылдықта облигациялардың атаулы құнының жылдық 11%, төртінші және кейінгі жартыжылдықта $i+m$, мұнда:</p> <p>i – кезекті купондық сыйақы төлейтін күнге дейінгі 2 айдың алдындағы соңғы 12 ай үшін Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің немесе мұндай ақпаратты беруге уәкілетті басқа органның берген тұтынушылық бағалар индексінің өсуі/түсуі сияқты (индекстің мәні пайызбен минус 100%) есептейтін инфляция деңгейі;</p> <p>m – облигациялар айналысының бүкіл мерзімі бойы 2% құрайтын тіркелген маржа.</p>

Купондық сыйақы мөлшерлемесі бойынша жоғарғы шек (жылдық пайызда)

Купондық сыйақы мөлшерлемесі бойынша төменгі шек (жылдық пайызда)

Купондық сыйақы мөлшерлемесі бойынша жоғарғы және төменгі шектерді қолдану талаптары

Купондық сыйақы есептеуді бастайтын күн

Сыйақы төлеу мерзімділігі мен күндері

Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі

Эмитент кезекті купондық кезеңнің соңғы жұмыс күні күндізгі сағат 12-ден кешіктірмей «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сайтында сыйақы мөлшерлемесін жариялайды.

жылдық 12 %

жылдық 4%

Купондық сыйақының құбылмалы мөлшерлемесі оны есептеу нәтижесінде купондық сыйақы мөлшерлемесі бойынша жоғарғы шегінен асып кеткен жағдайда, Банк купондық сыйақының соңғы өзгерген сәтінен бастап өзгерістердің жаңа мерзімі басталғанға дейін облигациялар бойынша купондық сыйақы есептеуді және нақты төлеуді купондық сыйақы мөлшерлемесі бойынша жоғарғы шектен алып жүргізеді. Сәйкесінше, купондық сыйақы мөлшерлемесі оны есептеу нәтижесінде купондық сыйақы мөлшерлемесі бойынша төменгі шектен төмен болған жағдайда, Банк купондық сыйақының соңғы өзгерген сәтінен бастап өзгерістердің жаңа мерзімі басталғанға дейін облигациялар бойынша купондық сыйақы есептеуді және нақты төлеуді купондық сыйақы мөлшерлемесі бойынша төменгі шектен алып жүргізеді.

Сыйақы облигациялар айналысы басталған күннен бастап есептеледі.

Купондық сыйақы жылына екі рет, сәйкесінше облигациялар айналысқа шығарылған күннен бастап облигацияларды өтеген мерзімге дейін әр алты ай сайын төленеді. Облигациялар бойынша сыйақы бүкіл айналыс кезеңі ішінде есептеледі және облигацияларды өтеу басталатын күннің алдындағы күні аяқталады.

Ұзақтығы 30 (отыз) күн болатын есептік ай және ұзақтығы 360 (үш жүз алпыс) күн болатын есептік жыл.

Купондық сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары

Сыйақы төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша, Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан жердің уақытымен облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген және оны алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді.

Төленетін күнгі купондық сыйақы облигациялардың номиналды құнының купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі мен 360-қа (үш жүз алпысқа) бөлінген купондық сыйақыны есептеу кезеңіндегі күндер санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Купондық сыйақы төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді.

Купондық сыйақы соңғы рет облигациялар бойынша негізгі борышты өтеумен бір уақытта төленеді.

Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болған кезде, купондық сыйақы тек ұлттық валютада төленеді.

Облигациялар айналысының мерзімі

Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жыл.

Облигациялар айналысқа шығарылатын күн

Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап.

Облигациялар өтелетін күн

Облигациялар айналысқа шығарылған күннен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін өтеледі.

Облигациялар өтелетін орын және өтеу тәсілі

Облигациялар олардың номиналды құны бойынша соңғы купондық сыйақы төлеумен бір уақытта өтеледі.

Банк осы төлемдер жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан жердің уақытымен облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А» (тел.: +7 (727) 250-17-20, факс: +7 (727) 250-95-96) мекенжайында өз бетінше төлейді. Ақша облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аударылады.

Облигацияларды ұстаушылардың өкілдері туралы мәліметтер

Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағындағы теңгеде банктік шоты болған кезде купондық сыйақы тек ұлттық валютада төленеді.

Облигация ұстаушылардың өкілі – «Unicorn IFC (Юникорн АйЭфСи)» АҚ, н/ж шарт 2012 ж. 27 қыркүйекте жасалған. Мекенжайы: Алматы қ., Фурманов к-сі, 174Б, 1-қабат, 2-оф., тел.: +7 (727) 267-12-28, 267-12-29.

Тіркеуші туралы мәліметтер

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ облигация ұстаушылардың тізілім жүйесін қалыптастырады әрі жүргізеді, №00235-АО шарт 2012 ж. 22 қазанда жасалған.

Тіркеуші мына мекенжайда орналасқан: Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141, тел.: +7 (727) 272-47-60.

Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер

Облигациялар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген 2012 жылғы

19 шілдедегі № 4.2.3/1 лицензиясы бар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да саудасаттық өткізу арқылы орналастырылады.

Төлем агенті туралы мәліметтер

Сыйақы төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметін пайдаланбай, өз бетінше жүзеге асырады.

Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтары және облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі

- номиналды құнды алу құқығы;
- осы облигациялардың шығарылым пропектісінде белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;
- облигацияларды еркін сату немесе басқа жолмен иеліктен шығару құқығы;
- Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның талаптарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитент және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- осы шығарылымның облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.

Дефолт оқиғалары

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт дегеніміз – осы облигация шығарылымы проспектісінде белгіленген мерзімде облигациялар бойынша сыйақыны (купонды) және/немесе номиналды құнын төлемеу немесе толық төлемеу.

Эмитенттің кінәсінен осы проспектіде көрсетілген мерзімде купондық сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, Эмитент облигация ұстаушыларға мерзімі өткізілген әр күнге ақшалай міндеттемені немесе оның бөлігін орындаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын негізге ала отырып өсімпұл төлейді.

Дефолт орнаған жағдайда Эмитент

дефолттың орын алу фактісі туралы ақпаратты облигация ұстаушылардың назарына шығарылым проспектісінде белгіленген облигациялар бойынша міндеттемелерді орындайтын күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Банктің www.kaspiibank.kz ресми сайтында орналастыру арқылы және «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-да (www.kase.kz), облигациялар бойынша дефолттың туындау себептерін, орындалмаған міндеттемелердің көлемін толық сипаттап, эмитенттің облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекетінің тізбесі мен Эмитентке талабы бар өтінішін беру тәртібін көрсетіп, хабарлайды.

Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау және дефолтты тудырған себептерді жою үшін барлық ықтимал және қажетті шараларды қолданады. Эмитент дефолттан тиімді шығуды анықтау мақсатында облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастама көтереді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындаудың тиісті көлемі мен мерзімін көрсетіп, облигация ұстаушылардың алдындағы өз міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешегін өтеуге бағытталған Эмитенттің қолданатын шараларына кез келген қайта ұйымдастырушылық, шаруашылық-ұйымдастырушылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да шаралар кіреді, соның ішінде, бірақ шектелмей:

1. Несиелеу көлемін азайту;
2. Әкімшілік шығыстарын, соның ішінде қызметкерлердің штаттық

- санын қысқарту, оның кейбір филиалдары мен бөлімшелерін жабу арқылы қысқарту;
3. Проблемалы кредиттермен жұмыс жүргізу жөніндегі шараларды күшейту;
 4. Қолда бар активтерді сату;
 5. Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тысқары жерлерде еншілес және басқа да ұйымдарға қатысу үлесін азайту;
 6. Ағымдағы берешекті қайта қаржыландыру мақсатында Эмитенттің кредиторларымен келіссөздер жүргізу;
 7. Эмитенттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде меншікті капиталды ұлғайту мақсатында Эмитенттің акционерлеріне өтініш айту;
 8. Басқа да шаралар.

Осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда, Банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен және талаптарда жүзеге асырылады.

Шектеулер (ковенанттар)

Осы облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент мына талаптарды сақтауға міндетті:

1. Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитенттің қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгерістер енгізбеу;
2. Ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеу;
3. Эмитент пен биржаның арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
4. Эмитент пен биржаның арасында жасалған листинг шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша

аудиторлық есептерді беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу.

Шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда, Эмитенттің органы (1 және 2-ковенанттар бойынша) шешім қабылдаған күннен бастап немесе (3 және 4-ковенанттар бойынша) ақпаратты беру мерзімін бұзған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитент Банктің ресми сайтында (www.kaspiibank.kz), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында (www.kase.kz) ақпараттық хабарлама жариялау арқылы осы бұзушылық туралы облигация ұстаушыларға хабарлайды.

Листинг шартында белгіленген соңғы күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 1 және 2 шектеулер (ковенант) бұзылған кезде, сондай-ақ есептілікті (3 және 4-ковенанттар) бермеген жағдайда, облигация ұстаушының тиісті ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Эмитентке оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы талапты жолдауға құқығы бар.

Облигация ұстаушы Банкке еркін түрде жазылған өтініш беруі керек, онда облигация ұстаушының барлық қажетті деректемелерін (заңды және нақты мекенжайы, телефондары, электрондық мекенжайлары, банктік деректемелері, СТН немесе оны ауыстыратын құжат, жеке тұлғаның жеке куәлігінің деректері) көрсетеді.

Облигацияларды сатып алу ұстаушыдан міндеттемелерді орындау туралы жазбаша талабын алған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннің ішінде облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына номиналды құнды және жиналған купондық сыйақыны аудару арқылы жүзеге асырылады.

Шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда, сатып алу рәсімі облигация ұстаушылардың берген өтініштерінің негізінде ғана өткізілетін болады. Сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушылар оған тиесілі облигацияларды осы проспектіде көрсетілген осы шығарылымның айналыс

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу

мерзімі аяқталғанда өтеуге құқылы.

Облигацияларды сатып алу

Банктің бастамасымен облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу көзделмеген.

Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңының 18-4-бабына сәйкес жүргізеді:

1. Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды:

- 1) Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;
- 2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;
- 3) эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған жағдайларда жүргізуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайларда жиналған сыйақыны ескере отырып, эмитент орналастырылған облигацияларды олардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен не қай шамасы үлкен болып табылатындығына қарай облигациялардың әділетті нарықтық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Сондай-ақ Эмитент ұстаушының сұратуы бойынша облигацияларды өтейтін күнге дейін басқа инвесторларға сату мақсатында облигацияларды сатып алуға құқылы. Облигация ұстаушының мұндай сұратуды жолдауы Эмитентті облигацияларды сатып алуға міндеттемейді.

Егер Эмитент облигацияларды сатып алу

туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент облигацияларды сатып алғанға дейінгі кемінде жеті күн бұрын жоспарланып отырған облигацияларды сатып алу туралы осы шығарылымның барлық облигация ұстаушыларына өзінің ресми сайтында, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сайтында облигациялардың сатып алу бағасы мен мерзімдері туралы хабарлама орналастыру арқылы хабарлауға міндетті. Бұл ретте Эмитент хабарламада көрсетілген күнге дейін облигацияларды сатып алуға қойған осы шығарылымның облигацияларының кез келген ұстаушысынан бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында қалыптасқан 1) облигацияларды сатып алу туралы талап қойылған сәттегі және 2) облигацияларды сатып алған сәттегі екі бағаның ең жоғарысы бойынша сатып алуға міндетті.

Эмитенттің облигацияларын сатып алуы өзге облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқтырмауы тиіс.

Орналастырылған облигацияларды сондай-ақ Эмитент белгіленген шектеулердің (ковенанттың) біреуі немесе барлығы бұзылған жағдайда, облигация ұстаушылардың бастамасымен осы Проспектінің «Шектеулер (ковенанттар)» бөліміне сәйкес сатып алады.


Эмитенттің қызметіне және оның қаржылық жағдайына қатысты ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде www.kaspibank.kz және www.kase.kz және www.dfo.kz сайттарында орналастырылады.

Өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы облигацияларды ұстаушыларға хабарлау тәртібі

Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер

Облигациялардың осы шығарылымының мақсаты – Банктің қорландыру базасын ұлғайту.

Осы шығарылымның облигацияларын



орналастырудан алынған ақшаны Банк пен оның филиалдарының корпоративтік бизнесті, шағын және орта бизнесті, жеке тұлғаларды несиелеу саласындағы қызметін белсенді етуге, сондай-ақ Банктің ұсынатын қызметтер шоғырын кеңейтуге жолдау жоспарланып отыр.

Олар басталған кезде алынған ақшаны жоспарлы бөлуде өзгерістер болуы мүмкін шарттар көзделмеген.

Сыйақыларды төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы

Ақпарат осы Проспектінің 1-қосымшасында берілген.

Опциондар туралы ақпарат

Опциондар көзделмеген.

Облигацияларды айырбастау

Облигациялар айырбасталмайды.

Облигацияларды орналастыру

Облигацияларды орналастыру тәсілі

Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да сауда-саттық өткізу арқылы, ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес орналастырылады.

Облигацияларды орналастыру мерзімі

Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде.

Толық орналастырмау

Эмитент нарық конъюнктурасында талап етілетін көлемде облигацияларды орналастырады.

Облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі

Қолма-қол жасалмайтын түрде теңгеде, шартқа сәйкес төленеді.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



Ломтадзе М.

Уәлибекова Н.А.

**Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әр кезеңі бойынша сыйақыларды төлеуге және
негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы**

Банк жеке лей клиенттерге, шағын және орта бизнес клиенттеріне, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге банк қызметінің кең шоғырын берумен байланысты негізгі қызметтен ақша қаражатының түсуін болжап отыр. Банктің операциялық қызметінен түсетін ақша қаражаты ағындарының төменде көрсетілген болжамдары дұрыс емес, дәл емес немесе жүзеге асырылмайтын болуы мүмкін, сондай-ақ түрлі факторларға байланысты өзгертілуі тиіс жорамалдарға байланысты болады. Перспективалар туралы осындай мәлімдемелерге әсер етуі мүмкін факторларға, соның ішінде барлық экономикалық және коммерциялық талаптар, Банктің қызметтеріне деген сұраныс, Банк қызметін жүргізетін экономика секторларындағы бәсекелестік факторлар, мемлекеттік реттеудегі өзгерістер, салықтық талаптардағы өзгерістер (салықтық мөлшерлемелердің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірмелерін қайта қаралуын қосқанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелері, пайыздық мөлшерлемелердің және басқа да нарық жағдайларының өзгерістері, шетел валюталары бағамының өзгерістерін, халықаралық нарықтардағы экономикалық және саяси жағдайларды қоса алғанда, капиталды Қазақстан Республикасынан тысқары жерге аударудағы мемлекеттік өзгерістер мен шектеулерді қоса алғанда, және басқа да алдын ала болжанбайтын факторлар кіреді. Жоғарыда жазылғанды назарға ала отырып, облигацияларды ықтимал сатып алушылар берілген болжамдарға толығымен сенім артпауға тиіс.

Ақша қаражатының ағындары жөнінде ақпарат (мың тенге)	2012		2013		2014		2015		2016		2017	
	2-жарты- жылдық	1-жарты- жылдық	2-жарты- жылдық	1-жарты- жылдық	2-жарты- жылдық	1-жарты- жылдық	2-жарты- жылдық	1-жарты- жылдық	2-жарты- жылдық	1-жарты- жылдық	2-жарты- жылдық	
Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары												
Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы	13 690 323	12 920 513	15 791 738	14 212 564	17 370 912	16 154 948	18 586 875	17 197 202	21 018 803	19 547 487	22 490 119	
Операциялық активтердегі ақшаның таза қозғалысы	-56 895 728	-45 991 422	-56 211 738	-48 290 993	-59 022 325	-48 451 963	-64 227 021	-53 240 820	-65 072 113	-58 387 433	-65 841 147	
Операциялық міндеттемелердегі ақшаның таза қозғалысы	46 334 656	43 735 956	53 455 057	45 922 753	56 127 810	50 361 953	56 791 138	50 629 836	61 880 910	50 798 602	67 337 681	
Табыс салығын төлегенге дейінгі таза ақша ағындары	3 129 251	10 665 046	13 035 056	11 844 324	14 476 396	18 064 937	11 150 993	14 586 218	17 827 600	11 958 656	23 986 653	
Төленген табыс салығы	-2 429 458	-3 275 102	-3 408 780	-4 051 348	-4 216 709	-4 927 654	-5 128 783	-5 915 150	-6 156 584	-7 026 131	-7 312 912	
Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағындары	699 793	7 389 944	9 626 276	7 792 977	10 259 687	13 137 283	6 022 210	8 671 068	11 671 015	4 932 524	16 673 741	
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза түсімі/(кетуі)	-2 951 427	-2 379 632	-2 577 934	-2 498 613	-2 706 831	-2 623 544	-2 842 173	-2 754 721	-2 984 281	-2 892 457	-3 133 495	
Қаржылық қызметтен түсетін ақша қозғалысы												
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан келетін түсімдер	20 000 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу	0	0	0	0	0	-8 245 580	0	0	-3 900 000	0	-10 000 000	

Борыштық бағалы қағаздардан түсетін сыйақыны өтеу	-1 703 471	-2 173 193	-2 173 193	-2 173 193	-2 173 193	-2 064 168	-1 822 756	-1 822 756	-1 684 089	-1 666 756	-1 475 645
Басқасы	0		0		0		0		0		0
Қаржылық қызметтен түсетін таза ақша ағындары	18 296 529	-2 173 193	-2 173 193	-2 173 193	-2 173 193	-10 309 748	-1 822 756	-1 822 756	-5 584 089	-1 666 756	-11 475 645
Ақша қаражатындағы және оның баламаларындағы таза өзгеріс	16 044 896	2 837 119	4 875 149	3 121 170	5 379 663	203 991	1 357 281	4 093 591	3 102 645	373 311	2 064 600
кезен басындағы ақша және оның баламалары	56 592 362	72 637 258	75 474 377	80 349 525	83 470 695	88 850 358	89 054 349	90 411 630	94 505 221	97 607 866	97 981 177
кезен соңындағы ақша және оның баламалары	72 637 258	75 474 377	80 349 525	83 470 695	88 850 358	89 054 349	90 411 630	94 505 221	97 607 866	97 981 177	100 045 777
Банк балансы валютасының өсімі	65 830 017	41 325 253	67 425 413	43 391 516	70 796 683	45 561 091	74 336 517	47 839 146	78 053 343	50 231 103	81 956 010

Ақша қаражатының ағындары жөнінде ақпарат (мың тенге)	2018		2019		2020		2021		2022		
	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	
Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары											
Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы	20 808 615	25 432 752	22 889 476	27 976 027	25 178 424	30 773 629	27 696 267	33 850 992	30 465 893	37 236 092	
Операциялық активтердегі ақшаның таза қозғалысы	-58 698 004	-71 742 005	-67 111 385	-69 850 625	-64 714 550	-79 095 561	-67 950 277	-83 050 339	-74 518 804	-84 031 843	
Операциялық міндеттемелердегі ақшаның таза қозғалысы	55 819 394	68 223 703	58 610 363	71 634 889	61 540 882	75 216 633	64 617 926	78 977 465	67 848 822	82 926 338	
Табыс салығын төлегенге дейінгі таза ақша ағындары	17 930 005	21 914 450	14 388 455	29 760 291	22 004 756	26 894 702	24 363 915	29 778 119	23 795 911	36 130 587	
Төленген табыс салығы	-8 395 060	-8 737 715	-9 942 657	-10 348 480	-11 833 780	-12 316 791	-14 137 815	-14 714 868	-16 857 632	-17 545 699	
Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағындары	9 534 945	13 176 735	4 445 798	19 411 810	10 170 976	14 577 911	10 226 101	15 063 250	6 938 279	18 584 888	
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза түсімі/(кетуі)	-3 037 080	-3 290 170	-3 188 934	-3 454 679	-3 348 381	-3 627 413	-3 515 800	-3 808 783	-3 691 590	-3 999 223	
Қаржылық қызметтен түсетін ақша қозғалысы											
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан келетін түсімдер	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу	-3 937 910	0	0	-11 367 450	0	0	0	-5 838 720	0	-10 000 000	
Борыштық бағалы қағаздардан түсетін сыйақыны өтеу	-1 248 390	-1 123 022	-1 127 443	-725 162	-725 162	-725 162	-725 162	-569 462	-550 000	-287 222	

Басқасы		0		0		0		0		0
Қаржылық қызметтен түсетін таза ақша ағындары	-5 186 300	-1 123 022	-1 127 443	-12 092 612	-725 162	-725 162	-725 162	-6 408 182	-550 000	-10 287 222
Ақша қаражатындағы және оның баламаларындағы таза өзгеріс	1 311 565	8 763 542	129 420	3 864 520	6 097 434	10 225 336	5 985 139	4 846 285	2 696 689	4 298 444
кезең басындағы ақша және оның баламалары	100 045 777	101 357 342	110 120 884	110 250 305	114 114 825	120 212 259	130 437 595	136 422 734	141 269 019	143 965 708
кезең соңындағы ақша және оның баламалары	101 357 342	110 120 884	110 250 305	114 114 825	120 212 259	130 437 595	136 422 734	141 269 019	143 965 708	148 264 152
Банк балансы валютасының өсімі	52 742 658	86 053 811	55 379 791	90 356 502	58 148 781	94 874 327	61 056 220	99 618 043	64 109 031	104 598 945